

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2020 жылдың 27 мамырдағы
№ 17 отырыс хаттамасы)
б е к і т і л д і

2020 жылдың 28 мамырдағы бастап
қолданысқа енгізілді

Инсайдерлік ақпаратты қолдануды бақылау **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2020

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының (бұдан әрі – Заң) 56-1 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылдың 26 шілдесіндегі № 124 қаулысымен бекітілген, Эмитенттің қызметіне қатысты және көпшілікке жария болып саналмайтын, ақпараттарды ашу ережелері мен шарттарына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелерде келесідей терминдер, анықтаулар және қысқартулар қолданылды:
 - 1) ҚЕД – Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп берушілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған, қаржылық есеп берушіліктің депозитарийі;
 - 2) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, тұлға;
 - 3) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздар шығарған (ұсынған) эмитент туралы, оның қызметі, коммерциялық құпияны құрайтын, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз басқа да мәліметтер туралы, оның ашылуы бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және Биржа қызметіне әсер етуі мүмкін, шынайы ақпарат;
 - 4) көпшілікке қол жетімді ақпарат – жалпыға қол жетімді мәліметтер негізінде дайындалған, оны пайдалану шарттары көрсетілмеген, оған қол жеткізудің шектеулері талап етілмеген және шектеулері жоқ ақпараттың иесі және / немесе иесі ұсынған немесе тарататын, ақпарат;
 - 5) Биржаның қадағалау бөлімшесі – қор биржасының сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді бақылау және Заңның 83-бабының 2-тармағына сәйкес, Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдармен жасалған мәмілелерге мониторинг және талдау жүргізу мақсатында құрылған, бөлімше;
 - 6) инсайдерлердің тізімі – Биржаның инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар, тұлғалардың тізімі;
 - 7) is2in жүйесі – бағалы қағаздар эмитенттерімен электрондық құжатайналымның арнайы мамандандырылған "ISSUERS TO INVESTORS" жүйесі;
 - 8) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекет тарапынан реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын, мемлекеттік орган;
 - 9) қаржы құралы – ақша, бағалы қағаздар, соның ішінде туынды бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары және басқа қаржы құралдары, олармен жасалған операциялардың нәтижесінде бір уақытта бір тараптың қаржы активі, ал екінші тараптың қаржылық міндеттемесі немесе үлестік құралы пайда болады.
2. Осы Ережелерде қолданылған өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында анықталған, ұғымдарға ұқсас.

2 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелер келесіні қамтиды:
 - 1) инсайдерлік ақпаратқа жатқызылған, ақпараттың тізімі;
 - 2) Биржаның инсайдерлік ақпаратын ашу тәртібі мен мерзімдері;

- 3) инсайдерлер деп мойындалған тұлғалардың тізімі; Биржаның инсайдерлік ақпараттарына рұқсаттамасы бар тұлғалардың тізімін актуалды күйінде ұстау, жүргізу, сонымен қатар оларды осы тізімнен шығару тәртібі;
 - 4) тұлғаларды осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген (шығарылған) жағдайларды хабарлау тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оларға осы Қағидалардың және инсайдерлік ақпаратты жою мен пайдалануға қатысты осы Ережелердің және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары туралы ақпараттандыру;
 - 5) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтауға қойылатын талаптар;
 - 6) инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттаманы шектеу және мониторинг жүргізу тәртібі;
 - 7) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану жағдайларының алдын алу бойынша іс-шаралар;
 - 8) Биржаның, оның лауазымды тұлғаларының және қазметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Ережелердің, инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалануды шектеуді реттейтін, талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру тәртібі, соның ішінде инсайдерлік ақпаратты қолданумен мәмілелер жасасудың алдын алу шаралары.
 - 9) өзінің лауазымына және еңбектік міндеттеріне байланысты Биржаның инсайдері деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын, Биржа қызметкерлерінің тізімін жүргізу тәртібі;
 - 10) соларға қатысты Биржа инсайдері деп танылған, бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратын Биржа қызметкерлеріне қолдануға тыйым салуға қатысты, Заңның және осы Ережелердің талаптары туралы Биржа қызметкерлерін ақпараттандыру тәртібі;
 - 11) өзінің лауазымдық және еңбектік міндеттеріне байланысты бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын, Биржаның инсайдері деп танылатын, өз қызметкерлері туралы Биржаның бағалы қағаздар эмитенттерін осы Ережелерде белгіленген мерзімде ақпараттандыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 12) осы Ережелерде қарастырылған, өзге де іс-шараларды жүзеге асыру.
2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес инсайдерлік ақпаратты келесідей қолдауға тыйым салынады:
- 1) инсайдерлік ақпарат белгілі болғанға дейін тұлғамен жасалған операция нәтижесінде туындаған шетел валютасын немесе қаржы құралын сатып алу немесе сату бойынша міндеттемелерді орындау аясында жасалатын операцияларды қоспағанда, шетел валютасымен және қаржы құралдарымен өз есебінен немесе үшінші тараптың есебінен операцияларды жүзеге асыру үшін инсайдерлік ақпаратты пайдалану;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгенде инсайдерлік ақпаратты қызметтік міндеттерді, немесе еңбектік міндеттерді немесе жасалған келісімдерді орындауға орай, Биржаның инсайдерлері тізіміне енгізілген тұлғаға ақпараттар беруді қоспағанда, басқа тұлғаға ұсыну немесе үшінші тараптарға қол жетімді ету арқылы;
 - 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, қаржы құралдарын немесе шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға міндеттеу немесе итермелеу арқылы, үшінші тұлғаларға нұсқамалар беру немесе ұсыну арқылы.

3. Осы Ережелер Биржаның қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына танысуға міндетті болып табылады.
4. Осы Ережелер және оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚЕД интернет-ресурсында, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында жарияланып, мүдделі тұлғалардың сауалы бойынша, осы Ережелердің көшірмелерін әзірлеуге шыққан шығынның көлемінен аспайтын ақыны қоспағанда, Биржамен тегін ұсынылады.

3 бап.

Биржаның инсайдерлік ақпараты

1. Биржаның инсайдерлік ақпаратына келесі ақпараттар түрлері жатқызылады, бірақ осымен шектелмейді:
 - 1) Биржаның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) туралы ақпараттың ресми түрде ашылуына дейін жария болуы Биржаның шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың құнына ықпал ету мүмкін, Биржаның мүліктік және қаржылық жағдайына салдарымен байланысты көпшілікке қол жеткізерлік емес болып табылатын, Биржаның қызметіне қатысты ақпарат;
 - 2) Биржаның сауда-саттық ұйымдастыруы және өткізуі, клирингтік қызметі жүзеге асыру барысында, сондай-ақ қадағалау қызметі аясында алатын және генерациялайтын, ақпарат;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, Биржа өзінің мүшелерінен сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде алатын, ақпарат;
 - 4) Биржаның ресми тізіміне енгізілген және/немесе Биржада айналыста жүрген бағалы қағаздардың эмитенттерінен Биржа сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде алатын, ақпарат.
2. Инсайдерлік ақпаратқа жатқызылмайды:
 - 1) бағалы қағаздың (туынды қаржы құралы) құнына, инвестициялық шешімдер қабылдау және / немесе ұсынымдар немесе бағалы қағаздармен операциялар жасау туралы ұсыныстар дайындау мақсатында жасалған бағалы қағаздар эмитентінің мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қол жетімді ақпарат негізінде дайындалған ақпарат;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, ақпарат;
 - 3) ақпарат көзі белгісіз, үшінші тараптарға көптеген адамдар арасында таратылатын, расталмаған ақпарат, сонымен қатар бағалы қағаздар эмитентінің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.
3. Инсайдерлік ақпараттың тізімі осы Ережелердің 1 қосымшасында қарастырылған.

Инсайдерлік ақпараттардың тізімін жасауды және жаңартуды қадағалау бөлімшесі инсайдерлік ақпарат пайдаланылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшелері ұсынған мәліметтері негізінде жүзеге асырады. Инсайдерлік ақпараттардың тізімі қажет болған жағдайда жаңартылып тұрады.

4 бап.

Биржаның инсайдерлік ақпараттарын ашу тәртібі мен мерзімдері

1. Биржа, Заңның 102-бабының 2-тармағына сәйкес, ашуға тиісті ақпарат пен құжаттар тізіміне енгізілген, бағалы қағаздар эмитенті ретінде Биржаның инсайдерлік ақпараттары ҚЕД интернет-ресурсында Қазақстан

Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен және мерзімде жарияланады.

2. Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар тізіміне кірмеген, Биржаның инсайдерлік ақпараттары, осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген мерзімде, Биржаның ресми www.kase.kz интернет-ресурсында ашылады.
3. Осы Ережелерге 1 қосымшаның 1.22-1.24 тармақтарында көрсетілген Биржаның инсайдерлік ақпараты соттармен және/немесе уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, тәртіппен және шарттармен ашылады.
4. Биржаның инсайдерлік ақпаратын бірнеше ақпарат көздері арқылы ашқан кезде, инсайдерлік ақпараттарды бірінші орналастырған (жариялаған) күн, ақпаратты ашу күні болып табылады.
5. Сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Биржаның инсайдерлік ақпараттары, Биржаның ресми интернет-ресурсында, www.kase.kz Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте және шарттарда ашылады.
6. Биржа және Биржаның инсайдерлері деп танылған тұлғалар инсайдерлік ақпараттың ресми ашылуына (жариялануына) дейін оның құпиялылығын қамтамасыз етеді. Егер Биржаның инсайдерлік ақпараттары жариялануға жатпаса, Биржа және Биржаның инсайдерлері деп танылған тұлғалар, тұрақты негізде, мұндай ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Ашылмайтын инсайдерлік ақпарат осы Ережелердің 1 қосымшасында көрсетілген.
7. Инсайдерлік ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап көпшілікке қол жетімді деп танылады және инсайдерлік ақпарат болуды тоқтатады.

5 бап.

Биржаның инсайдерлері

Биржаның инсайдерлері деп саналады:

- 1) атқаратын лауазымына орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелері;
- 2) атқаратын лауазымына орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, Биржаның Листингтік комиссиясының мүшелері;
- 3) атқаратын лауазымына орай және қызметтік міндеттеріне сәйкес инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, Басқарма мүшелері және Биржаның басқа да қызметкерлері;
- 4) Биржаның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы үлесінің) тікелей немесе жанама түрде он және одан аса пайызын иеленуіне, пайдалануына, және/немесе өкім жүргізуіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, жеке немесе заңды тұлғалар;
- 5) аудиторлық ұйымдар, бағалаушылар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын, заңды тұлғалар және, шарттары бойынша инсайдерлік ақпаратты ашу қарастырылған, жасалған келісім-шарттарға сәйкес Биржаға қызмет көрсететін, басқа да заңды тұлғалар;
- 6) бағалы қағаздар нарығының субъектілерінің қызметін мемлекет тарапынан бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға орай оларға берілген инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер;

- 7) Биржа солардың мүшелері болып табылатын, және берілген өкілеттілігі аясында инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында аталған, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер мен кәсіби ұйымдар;
- 8) лауазымдарын атқару және еңбектік міндеттерін атқаруға орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар, н осы тармақтың 4), 5) және 7) тармақшаларында аталған, ұйымдардың қызметкерлері;
- 9) осы тармақтың 1)-9) тармақшаларында аталған, тұлғаларда инсайдерлік ақпаратты алған, тұлғалар.

6 бап.

Биржа инсайдерлерінің тізімі, Биржа соларға қатысты инсайдер болып саналатын, бағалы қағаздар эмитентінің инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар, Биржа қызметкерлерінің тізімі

1. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі, 5 баптың 1 тармағының 3)-5) тармақшаларында аталған тұлғаларды, осы Ережелердің 2 қосымшасында берілген нысан бойынша инсайдерлер тізіміне, осындай тұлға инсайдерлік ақпаратқа тұрақты немесе уақытша рұқсаттамасы бар-жоғына қарамастан, енгізеді.
2. Инсайдерлер тізімі тұрақты негізде жүргізіліп, актуалды күйінде ұсталады, Биржа Басқармасының бекітуіне тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі келесі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, беріледі.
3. Биржа соларға қатысты инсайдер болып саналатын, бағалы қағаздар эмитенттерін ақпараттандыру мақсатында, Биржа таталған эмитенттердің инсайдерлік ақпараттарына рұқсаттамасы бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізеді. Тізімді Биржаның тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімше осы Ережелердің 3 қосымшасында берілген нысан бойынша құрастырады. Осы тізімге осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағының 3) тармақшасында аталған тұлғалар және осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағының 4) тармақшасында аталған жеке тұлғалар енізіледі.
4. Бағалы қағаздар эмитенттерін, осы эмитенттердің инсайдерлік ақпараттарына рұқсаттамасы бар Биржа қызметкерлері туралы ақпараттандыру, осы баптың 3 тармағында көрсетілген, Биржа қызметкерлерінің тізімін is2ip жүйесі арқылы орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Тізімді Биржаның мониторинг бөлімшесі тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі келесі айдың жиырмамыншы жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырылады.
5. Осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағының 3) тармақшасында аталған тұлғаларды және осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағының 5) тармақшасында аталған жеке тұлғаларды, осы баптың 3 тармағында аталған, Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізу (тізімнен шығару) туралы ескертпе осы Ережелердің 4 қосымшасымен қарастырылған нысан бойынша қалыптастырылады.
Осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағының 4) тармақшасында аталған тұлғаларды және осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағының 4) тармақшасында аталған заңды тұлғаларды, осы баптың 3 тармағында аталған, Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізу (тізімнен шығару) туралы ескертпе осы Ережелердің 5 қосымшасымен қарастырылған нысан бойынша қалыптастырылады.
6. Осы баптың 1 және 3 тармақтарында аталған, тізімге енгізу туралы ескертпеге Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлға немесе оның уәкілетті өкілі (заңды тұлғалар үшін), аталған тізімдерге енгізуге негіз туындаған күннен кейінгі келесі он жұмыс күн аралығында қол қояды.

Биржаның инсайдерлері тізіміне енгізілгені туралы хабарлама жіберу міндеттемесі, хабарлама пошта арқылы жіберілген немесе хабарлама шабарманмен жеткізілген күннен бастап, Биржа орындаған болып саналады.

7. Биржаның тәуекелдерді басқару бөлімшесі осы Ережелерге сәйкес жолданған және алынған ескертпелердің барлығының есебін жүргізеді. Жолданған және алынған ескертпелер Биржада тұлға тізімнен шығарылғаннан кейін, егер басқасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленбесе, кемінде үш жыл сақталады.
8. Биржа инсайдерлерінің тізімі уәкілетті органға, оның талабы бойынша талапта белгіленген мерзімде ұсынылады.

7 бап.

Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету тәртібі

1. Биржаның инсайдерлері (соның ішінде уақытша негізде инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамаға құқығы бар, тұлғалар) міндетті:
 - 1) Заңның және осы Ережелердің инсайдерлік ақпаратты қолдану және қолдану бөлігіндегі талаптарды білу;
 - 2) инсайдерлік ақпараттың, көпшілікке жариялау сәтіне дейін, оның құпиялылығын қамтамасыз ету;
 - 3) эмитент және оның шығарған (ұсынған) бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен шартын орындау, инсайдерлік ақпаратты тек қана осы Ережелерге сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолдану,
 - 4) Биржаның интернет-сайтында ораналастырылған, инсайдерлік ақпараттың тізіміне енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды дербес түрде қадағалау.
2. Биржа инсайдерлеріне (соның ішінде инсайдерлік ақпаратқа уақытша рұқсаттама құқығы бар, тұлғаларға) тыйым салынады:
 - 1) бағалы қағаздармен және басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасқанда инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе қол жетімді етуге;
 - 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу туралы нұсқаулар беруге.
3. Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізілген, Биржа қызметкерлері мен жеке тұлғалар, осы баптың 1 тармағында аталған міндеттерге қоса, міндетті:
 - 1) инсайдерлерлік ақпаратқа рұқсаттамасы бар инсайдерлердің тізімінен шығарылғанда, инсайдерлік ақпаратты мазмұндайтын, қолда бар ақпарат тасымалдағыштарын Биржаға беруге;
 - 2) осы Ережедердің 4 қосымшасында берілген нысан бойынша, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған барлық ашылған шоттар туралы олардың нөмірдерін көрсетумен, шоттың ашылған күнінен кейін немесе осы Ережелердің 6 бабының 1 және/немесе 3 тармақтарында белгіленген, тізімге енгізілген күннен кейін кейінгі оныншы жұмыс күннен кешіктірмей, Биржаны ескерту.
4. Биржа қызметкерлері өздерінің тікелей басшыларына немесе оның орнындағы тұлғаға, инсайдерлік ақпаратты мазмұндайтын, құжаттардың, файлдардың, сейфтердің (қоймалардың) кілттерінің, рұқсат қағаздарының, пародльдерінің жоғалуы немесе жетіспеушілігі туралы немесе инсайдерлік

ақпаратқа заңсыз рұқсаттаманы анықтағанда және басқа да ұқсас жағдайларда дереу хабарлауға міндетті.

5. Өз жұмысында инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын және өз қызметтік міндеттері аясында оны пайдаланатын, Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері инсайдерлік ақпараттың сақталуын қамтамасыз ететін тиісті құпиялылық тәртіптемесінде жүзеге асырып, Биржаның таратылуы шектеулі ақпаратпен жұмыс жасау тәртібін реттейтін, ішкі құжатының және басқа да Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын ескеруі тиіс.
6. Биржа инсайдерлік ақпараттың құпиялылық тәртіптемесін Биржаның құрылымдық бөлімшелері орындауы үшін қажетті ұйымдастыру-техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді, соның ішінде:
 - 1) еңбектік және азаматтық-құқықтық елісім-шарттарына тиісті талаптарды енгізу арқылы;
 - 2) ақпараттарды жоғалтудан және заңсыз рұқсаттамадан сақтайтын, соның ішінде байланыс арналары арқылы, ақпараттық-техникалық жүйелердің және инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау құралдарының бар болуы;
 - 3) осы Ережелердің 4 бабының 4 тармағында аталған ішкі құжатқа сәйкес анықталатын, басқа да шаралар.

8 бап.

Инсайдерлік ақпараттың заңсыз қолданылуының және пайдаланылуының алдын алу бойынша іс-шаралар

1. Инсайдерлік ақпараттың заңсыз қолданылуының алдын алу мақсатында Биржа келесідей іс-шаралар өткізеді:
 - 1) инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және, Биржаның инсайдерлік ақпаратты қалыптастыруын немесе ұсынуын реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес ашу;
 - 2) инсайдерлердің тізіміне енгізілген, жеке тұлғалардың (осы Ережелердің 5 бабы 1 тамағының 4) тармақшасында аталған, жеке тұлғалардан басқа) орталық депозитарийдің есепке алу жүйелерінде ашылған шоттары туралы, осы шоттарды қолданып Биржада бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) жасалатын мәмілелерді Биржаның қадағалау бөлімшесі бақылауы үшін, уақытылы ай сайын ескерту;
 - 3) тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімше осы Ережелердің 5 бабы 1 тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған, тұлғаларды Биржаның инсайдерлік ақпараттарын заңсыз қолдануға тыйым салуды қарастыратын, Заңның талаптары туралы ескерту; осындай ескерту еркін түрде қалыптастырылып, осы тұлғалардың тағайындалған күннен кейінгі 30 күнтізбелік күн аралығында аталған тұлғаларға жолданады;
 - 4) Биржа Басқармасының, Биржаның инсайдерлер тізіміне енгізілген, жеке тұлғалармен Биржада жасаған бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) жасалатын мәмілелер бойынша Биржаның қадағалау бөлімшесі дайындаған тоқсандық есебін қарауы;
 - 5) Биржаның инсайдерлері тізіміне енгізілген, тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты осы Ережелердің және басқа да нормативтік құқықтық актілердің және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында заңсыз пайдалану жағдайларын анықтау.

2. Биржаның қадағалау бөлімшесі инсайдерлік ақпараттың қолданылуына ішкі бақылауды келесі арқылы жүзеге асырады:
 - 1) Биржаның және инсайдерлер тізіміне енгізілген жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпарат туралы заңнамасының және осы Ережелердің талаптарын орындауына, осы Ережелердің 6 бабының талаптарында белгіленген тексерулерді тәуекелдерді басқару бөлімшесі жүзеге асыруы арқылы, мониторинг жүргізіледі;
 - 2) инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібін және ашу мерзімдерін бақылау тоқсан сайын Биржаның құрылымдық бөлімшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес инсайдерлік ақпаратты ашуға бағытталған шараларды уақытылы қолдану қажеттілі туралы ескертпе беру арқылы жүзеге асырылады;
 - 3) Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізілген, жеке тұлғалардың шоттарын пайдаланумен, болжаммен инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланумен жасалған мәмілелерді анықтау мақсатында, Биржада жасалатын мәмілелердің мониторингі.
3. Осы баптың 2 тармағында аталған, ішкі бақылау шараларын қолдану нәтижесінде инсайдерлік ақпаратқа заңсыз рұқсаттама ала немесе заңсыз пайдалану үшін мүмкіндіктер анықталған жағдайда, Биржаның қадағалау бөлімшесінің қызметкерлері Биржа Басқармасы Төрағасына осындай мүмкіндіктерді азайту/жою бойынша нұсқауларымен қызметтік жазбахатын жолдайды.
4. Биржа қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа заңсыз рұқсаттама алуы немесе инсайдерлік ақпаратты Биржада бағалы қағаздармен (туында қаржы құралдарымен) мәмілелер жасасу мақсатында пайдалану фактілері анықталған жағдайда, Биржаның қадағалау бөлімшесінің қызметкерлері Биржа Басқармасының назарына осы ақпаратты дереу жеткізіп, тәртіп бұзушыға (тәртіп бұзушыларға) қатысты тәртіптік немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілік ықпалшараларын қолдануды бастамалайды.
5. Биржаның қадағалау бөлімшесі өзінің жұмысына жетекшілік ететін, Басқарма мүшесіне тоқсан сайын осы Ережелердің талаптарының орындалуы туралы есеп береді.
6. Биржа қызметкерлері өздеріне белгілі болған фактілер туралы тікелей жетекшінің және Биржаның қадағалау бөлімшесінің қызметкерлерінің назарына дереу жеткізуге міндетті:
 - 1) қызметтік міндеттерге сәйкес ашылмауы тиіс, бірақ клиенттерден немесе өзге тұлғалардан оларға белгілі болған, инсайдерлік ақпарат туралы;
 - 2) инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттамасы жоқ тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділігінің бар болуы туралы;
 - 3) Биржа қызметкерлерінің, Биржа инсайдерлерінің, Биржаның клиенттерінің және серіктестерінің, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың туыстарының, инсайдерлік ақпаратты заңсыз, соның ішінде инсайдерлік ақпаратты өз мүддесіне пайдалануы туралы.
7. Биржалық сауда-саттықтарда өткізілген операция инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланумен жүзеге асырылғанын болжауға негізі бар, Биржа қызметкерлері Биржаның қадағалау бөлімшесіне осы туралы дереу хабарлауға міндетті.

9 бап. Жауапкершілік

1. Инсайдерлік ақпаратқа заңсыз рұқсаттама алу, пайдалану, беру үшін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының және келісім-шарттардың талаптарына сәйкес, тиісті тұлғалар тәртіптік және/немесе азаматтық-құқықтық, және/немесе әкімшілікті және/немесе қылмыстық жауапкершілік тартылуы мүмкін.
2. Биржа инсайдерлік ақпараттың заңсыз қолданылуына кінәлі тұлғалардан, осы тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген, залалын өтеуді талап етуге құқылы.

10 бап. Тұжырымды және ауыспалы қағидалар

1. Осы Ережелерге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды уақытылы енгізуге (актуалдылануына) жауапкершілік Биржаның тәуекелдерді басқару бөлімшесіне жүктеледі.
2. Осы Ережелер қажетіне қарай, осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап, кемінде бес жылда бір рет, актуалдылануға жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын бақылау
ережелеріне

1 қосымша

Инсайдерлік ақпараттың ТІЗІМІ

| № | Атауы | Жариялау мерзімдері |
|-----|---|-------------------------|
| 1 | Биржаның бағалы қағаздар (туынды бағалы қағаздар) және олармен жасалған мәмілелер туралы ақпараттар, сондай-ақ, бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитент ретінде Биржа туралы ақпарат, және осындай ақпараттың ашылуы Биржаның бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралдарының) құнын өзгертуге және қызметіне кері ықпалын тигізетін ақпараттар | |
| 1.1 | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, солар туралы ақпараттар акционерлердің назарына жеткізілуі тиіс, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің сұрақтар тізімі бойынша қабылдаған шешімдері туралы | НҚА сәйкес ¹ |
| 1.2 | Биржаның басқару органын, Биржаның атқарушы органын сайлау, Биржаның басқару органының, атқарушы органының құрамын көрсетумен, сондай-ақ Биржаның басқару органының, атқарушы органының құрамындағы өзгерістер туралы | НҚА сәйкес |
| 1.3 | Биржаның дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) он және одан аса пайызын иеленген, акционерлерінің (қатысушыларының) құрамының өзгеруі туралы | НҚА сәйкес |
| 1.4 | келесідей шешімдерді қабылдауға өкілденген, Биржаның Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдері туралы: акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту; жарияланған (сатылған) акция, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылған (сатылған) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы; Биржаның орналастырылған акцияларын кері сатып алу туралы, егер қоғаммен кері сатып алынатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санынан бір пайыздан асса, оларды кері сатып алу бағасы туралы; Облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару туралы; ірі мәмілелер және бір уақытта келесі талаптарға сәйкес келетін мәмілелерді жасасу: Биржаның мүддесі бар мәмілелер болып табылады, және, Биржаның уәкілетті органы қабылдаған күні Биржа активтерінің баланстық құнының он және одан да аса пайызын құрайтын, мүлікті сатып алуға немесе сатуға байланысты мәмілелерді жасау туралы шешімдер; | НҚА сәйкес |

¹ Осы жерде және әрі қарай НҚА – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамызындағы "Эмитенттің ақпаратты ашуы, эмитент ашуға тиісті ақпарат мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында эмитенттің ақпаратты ашу мерзімдері туралы ережелерді бекіту туралы" № 189 қаулысы.

| № | Атауы | Жариялау мерзімдері |
|------|---|--|
| | бағалы қағаздарды және (немесе) акционерлік қоғамның өзге де ақшалай міндеттемелерін акционерлік қоғамның жай акциясына айырбастау туралы | |
| 1.5 | Биржаның орналастырылған акцияларының бір түрін Биржа акцияларының басқа түріну ауыстыру туралы | НҚА сәйкес |
| 1.6 | Биржа солардың акцияларының (үлестерінің) он және одан аса пайызын иеленген ұйымдар тізіміндегі өзгерістер туралы | НҚА сәйкес |
| 1.7 | ірі мәмілелер және бір уақытта келесі талаптарға сәйкес келетін мәмілелерді жасау: Биржаның мүддесі бар мәмілелер болып табылады, және, Биржаның уәкілетті органы қабылдаған күні Биржа активтерінің баланстық құнының он және одан да аса пайызын құрайтын, мүлкті сатып алуға немесе сатуға байланысты мәмілелерді жасау туралы шешімдер туралы | НҚА сәйкес |
| 1.8 | Биржаны жою немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлі жою немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімдері туралы | НҚА сәйкес |
| 1.9 | Биржаның активтерінің жалпы баланстық құнынан 10 және одан аса пайызын құрайтын көлемде мүлігінің кепілгі (қайта кепілге) берілуі туралы, сондай-ақ Биржаның активтерінің жалпы баланстық құнынан 10 және одан аса пайызын құрайтын көлемде мүлігінің кепілден (қайта кепілден) шығарылуы туралы | НҚА сәйкес |
| 1.10 | Биржаның активтерінің жалпы баланстық құнынан 10 және одан аса пайызын құрайтын көлемде мүлігіне тыйым салынуы (тыйымды алып тастау) туралы | НҚА сәйкес |
| 1.11 | Биржа активтерінің жалпы баланстық құнының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алғаны, сондай-ақ негізгі қарызды және осы қарыз бойынша есептелген сыйақыны толық өтегені туралы | НҚА сәйкес |
| 1.12 | Нәтижесінде, баланстық құны Биржа активтерінің жалпы сомасының он және одан да көп пайызын құрайтын, Биржаның мүлігінің жойылған, төтеншеше жағдайлардың туындауы туралы | НҚА сәйкес |
| 1.13 | корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы | НҚА сәйкес |
| 1.14 | Биржаның негізгі қызмет түрлерінің өзгеруі туралы | НҚА сәйкес |
| 1.15 | Биржаның лауазымды тұлғалары Биржаның дауыс беретін акцияларының 10 %-нан кемін және / немесе Биржаның еншілес (тәуелді) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) 10 %-дан кемін сатып алуы немесе сатуы туралы | Сатып алған (сатқан) күннен кейін 10 жұмыс күн |
| 1.16 | Биржаны, оның еншілес және тәуелді ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы шешімдер | Шешім қабылданған күннен кейін 10 жұмыс күн |
| 1.17 | Ұйымның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталдағы үлестерін) сатып алу немесе сату туралы | Шешім қабылданған күннен кейін 10 жұмыс күн |
| 1.18 | Биржаның қызметіне елеулі ықпалын тигізуі мүмкін, Биржаға бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыруға берілген лицензиялардың және лицензияланатын қызметті жүзеге асырудың басқа лицензияларының алынуы, уақытша немесе біржола тоқтатылуы туралы | Шешім қабылданған күннен кейін 10 жұмыс күн |
| 1.19 | Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының аңдатпасы, енгізілген өзгертулермен және (немесе) толықтыруларымен | НҚА сәйкес |
| 1.20 | Акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есеп | НҚА сәйкес |
| 1.21 | Биржаның жылдық қаржылық есеп берушілігі (соның ішінде Биржаның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы, | НҚА сәйкес |

| № | Атауы | Жариялау мерзімдері |
|----------|--|--|
| | Биржаның қаржылық есеп берушілігінің мазмұны туралы), Биржаның қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есеп | |
| 1.22 | Биржаның әкімшіліктік жауапқа тартылғаны туралы | ӨҚБҚо ² |
| 1.23 | Биржаға және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарына қатысты сотта банкроттық туралы істің қозғалуы және/немесе банкроттық процедураларының бірі енгізілгені туралы | АҚК сәйкес ³ |
| 1.24 | Биржаға, оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарына талап арыз берілігені туралы, осы талаптарды қанағаттандыру Биржаның, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржылық жағдайына немесе шаруашылық қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін болса | АҚК сәйкес |
| 1.25 | эмитенттің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан аса пайызын иеленген акциялардың (қатысушылардың) құрамы және ондағы өзгерістер туралы | НҚА сәйкес |
| 1.26 | акционерлік қоғаммен ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды кері сатып алғанда акциялардың құнын анықтау әдістемесі | НҚА сәйкес |
| 1.27 | Тоқсан сайынғы шоғырландырылмаған қаржылық есеп берушілік және өзге ақпарат: бухгалтерлік баланс және кірістер мен шығыстар туралы есеп | НҚА сәйкес |
| 1.28 | Биржаның эмиссиялық бағалы қағаздарының шығарылымын уәкілетті органмен жою және (немесе) оларды өтеу туралы ақпарат | НҚА сәйкес |
| 1.29 | Акционерлік қоғамның беймемлекеттік облигациялардың шығарылым аңдатпасында қарастырылған, шарттарды орындамауы, осы акционерлік қоғамның жол берген дефолт деректері туралы ақпарат | НҚА сәйкес |
| 2 | Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде алатын және генерациялайтын, ақпараттар | |
| 2.1 | Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген, өтінімдер туралы кез келген мәліметтер, сондай-ақ өтінімдер туралы мәліметтердің негізінде құрастырылған есеп берушіліктер мен басқа да құжаттар | Заңнамада және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған, көлемде |
| 2.2 | Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелер туралы кез келген мәліметтер, олардың расталуы немесе расталмауы, орындалуы немесе орындалмауы фактісіне қарамастан, сондай-ақ сауда-саттық нәтижелері бойынша қалыптастырылған есеп берушіліктер және басқа да құжаттар | Заңнамада және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған, көлемде |
| 2.3 | Биржа мүшелерінің қаржы құралдары бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар өткізуге өтініштері, сондай-ақ, өткізілуі жоспарланған арнайы мамандандырылған сауда-саттықтардың параметрлері туралы мәліметтер мазмұндалған, кез келген басқа да материалдар | Заңнамада және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған, көлемде |
| 2.4 | биржалық сауда-саттықтардың қатысушылардың сауда-саттық шоттары туралы ақпарат | Ашылуға жатпайды |
| 2.5 | Биржаның қадағалау функциясын атқаруы аясында әзірленетін, күдікті мәмілелер туралы есептер және басқа да материалдар мен құжаттар | Ашылуға жатпайды |
| 2.6 | Биржаның қадағалау бөлімшесінің сауалы бойынша ұйымдарға ұсынылатын, мәмілеле/мәмілелерді жасау жайттары туралы мәліметтер | Ашылуға жатпайды |
| 2.7 | көпшілікке беймәлім, бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы | Ашылуға жатпайды |

² Қазақстан Республикасының әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы кодексі

³ Қылмыстық кодекс

| № | Атауы | Жариялау мерзімдері |
|------|--|----------------------------------|
| | жасау туралы мәліметтер | |
| 2.8 | бағалы қағаздардың листингі, делистингі, ресми тізімінің сбір сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес, шығарылатын, облигацияларды ресми тізімге енгізуге Биржаның келісімін беру туралы | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.9 | Борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы (негізгі борышты) төлеуді бұзған, листингілік компанияларға қатысты қабылданған шешімдер | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.10 | Биржаның, сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде қызметіне байланысты, Биржаның ішкі құжаттарын қарау және/немесе бекіту, немесе оларға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу сұрақтары бойынша шешімдер | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.11 | Биржа мүшелігіне ұйымдарды қабылдау және/ немесе оларды Биржа мүшелігінен шығару сұрақтары бойынша шешімдер | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.12 | Биржа мүшесін Биржа өткізетін сауда-саттыққа жіберу немесе Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы шешімдер | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.13 | Биржа мүшесіне маркет-мейкер мәртебесін беру немесе осындай мәртебеден айыру сұрақтары бойынша шешімдер | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.14 | Биржа мүшелеріне қатысты олардың Биржа алдында және/немесе сауда-саттықтың басқа да қатысушылары алдында өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған, ықпалшараларды, соның ішінде айыппұл ықпалшараларын қолдану туралы шешімдер және/немесе ақпарат | Ашылуға жатпайды |
| 2.15 | Биржада қаржы құралдарының сауда-саттықтар ашу, қайта бастау, уақытша тоқтату немесе біржола тоқтату туралы шешімдер және/немесе ақпарат | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.16 | Осы кестенің 2.6 тармағында көрсетілмеген, қаржы құралдарын Биржадағы айналысқа (сауда-саттыққа) жіберу, сондай-ақ, айналысқа (сауда-саттыққа) жіберілген қаржы құралдарын ресми тізімнен шығару туралы шешімдер және/немесе ақпарат | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.17 | Биржадағы қаржы құралдардың сауда-саттық тәртіптемесінің өзгеруі туралы шешімдер және/немесе ақпарат | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.18 | ұйымға биржалық нарықтың белгілі секторы бойынша сауда-саттықтың клирингілік қатысушысы мәртебесін беру, осындай мәртебені беру туралы келісім-шартты бұзу немесе тоқтату туралы шешімдер және/немесе ақпарат | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.19 | Биржада айналысқа жіберілген, қаржы құралдарының белгілі бір тобы бойынша, немесе Биржадағы сауда-саттыққа қатысушылардың белгілі бір тобы үшін есеп айырысу тәртіптемесін белгілеу, сондай-ақ осындай есеп айырысу тәртіптемесін өзгерту туралы шешімдер және/немесе ақпарат | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.20 | бағалы қағаздардың нарықтық бағалауын жүзеге асыруға, сондай-ақ осындай бағалаудың критерийлері мен алгоритмдерді анықтауға байланысты сұрақтар бойынша шешімдер және/немесе ақпарат | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.21 | биржалық индекстер мен индикаторларды есептеуді жүзеге асырумен байланысты, сондай-ақ өкілетті тізімдерді қалыптастыру сұрақтары бойынша шешімдер және/немесе ақпарат | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.22 | Биржаның ең көзге түскен Биржа мүшелерін және листингілік компанияларын анықтауына және марапаттауына байланысты сұрақтар бойынша шешімдер және/немесе | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |

| № | Атауы | Жариялау мерзімдері |
|------|--|----------------------------------|
| | ақпарат | |
| 2.23 | Биржамен қаржыф құралдары бойынша клирингілік қызмет көрсетуде қолданылатын, тәуекел-параметрлерін есептеу әдістемесі, осы әдістемеге енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың жобасы | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.24 | Биржамен қаржы құралдары бойынша клирингілік қызмет көрсетуде қолданылатын, тәуекел-параметрлері және олардың өзгеруі туралы | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.25 | Бағалы қағаздары Биржаның тізімдерінде тұрған, эмитенттердің тәуекел деңгейін бағалау әдістемесі, оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар | Ашылуға жатпайды |
| 2.26 | Бағалы қағаздары Биржаның тізімдерінде тұрған, эмитенттердің тәуекел деңгейін бағалау нәтижелері туралы ақпарат | Ашылуға жатпайды |
| 2.27 | Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау әдістемесі, оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар | Ашылуға жатпайды |
| 2.28 | Бағалы қағаздар эмитенттерінің және Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау нәтижелері туралы ақпарат | Ашылуға жатпайды |
| 2.29 | T+ сызбасы бойынша есептесуге жіберілген, бағалы қағаздардың тізімдері және осы тізімдердің өзгеруі | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.30 | T+ сызбасы бойынша есептесу кезінде қамту ретінде Биржамен қабылданатын, бағалы қағаздардың тізімдері және осы тізімдердің өзгеруі | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.31 | Биржаның орталық контрагент ретінде мақсаттары үшін бағалы қағаздардың өтімділігін бағалау әдістемесі | Ашылуға жатпайды |
| 2.32 | Биржаның орталық контрагент ретінде мақсаттары үшін бағалы қағаздардың өтімділігін бағалау нәтижелері | Ашылуға жатпайды |
| 2.33 | Биржа мүшелерінің құрылтайшылық құжаттары, олардың қаржылық есеп берушілігі және осы есеп берушілік бойынша аудиторлық есептер, Биржа мүшелерінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпарат, Биржа өз мүшелерінен алған және жариялануы тиіс өзге құжаттар мен ақпараттар | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.34 | Биржа мүшесінің органдарының қабылдаған шешімдері туралы мәліметтер | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.35 | Биржа мүшесінің акционерлерінің (қатысушыларының) құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтер | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |
| 2.36 | клирингілік жүйесіндегі, Биржаның клирингілік қызмет көрсетуге қабылдайтын сауда-саттықтардың клирингілік қатысушылары мен олардың қаржы құралдары бойынша клиенттерінің жайғасымдарын есепке алуға, сондай-ақ Биржаның клирингілік қызметін жүзеге асыру нәтижелері бойынша сауда-саттықтың клирингілік қатысушыларының нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелерін есепке алуға арналған тіркелімдерде қамтылған, ақпараттар | Ашылуға жатпайды |
| 2.37 | орталық депозитарийге немесе өзге есеп айырысу ұйымына берілетін тапсырмаларды (есеп айырысу туралы бұйрықтарда) мазмұндалған, ақпараттар | Ашылуға жатпайды |
| 2.38 | сауда-саттықтың клирингілік қатысушыларына арналған клирингілік қызметтің нәтижелері бойынша есеп берушілікте қамтылған, ақпараттар | Ашылуға жатпайды |
| 2.39 | биржалық сауда-саттықтардың қатысушыларынан және клирингілік қатысушыларынан алынатын, мәліметтер | Ашылуға жатпайды |
| 2.40 | Эмитенттердің қаржылық есеп берушілігі және осы есеп берушілік бойынша аудиторлық есептер, эмитенттердің корпоративтік уақиғалары туралы ақпарат, Биржа рұқсаттама бастамашыларынан және эмитеттерден Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, ақпаратташ ашу бойынша міндеттемесін | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |

Инсайдерлік ақпаратты қолдануды бақылау ережелері

| № | Атауы | Жариялау мерзімдері |
|----------|---|----------------------------------|
| 2.41 | орындауға орай алған өзге құжаттар мен ақпараттар Биржаның ішкі құжаттарына талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздардың ресми тізімде тұру кезінде Биржаға ұсынылатын, ақпараттар мен құжаттар | Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес |

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын бақылау
ережелеріне

2 қосымша

**XXXX жылдың XX айындағы жағдай бойынша
"Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ**

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Туылған күні | Санаты/ бөлімшесі | Тізімге енгізілу үшін негіздемесі және датасы | Ескертпені тіркеу күні мен нөмірі | Тізімнен шығарылу негіздемесі және датасы |
|--|-------------------------|--------------|----------------------|--|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| Ескерту. XXXX жылдың XX тоқсанында тізімге енгізілген, тұлғалар | | | | | | |
| | | | | | | |
| Ескерту. XXXX жылдың XX тоқсанында тізімнен шығарылған, тұлғалар | | | | | | |

Қол қоюға өкілденген, тұлға

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын бақылау
ережелеріне

3 қосымша

**Биржа соларға қатысты инсайдер болып мойындалатын, эмитенттердің
инсайдерлік ақпараттарына рұқсаттамасы бар, "Қазақстан қор биржасы" АҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Туылған күні | Санаты/ бөлімшесі | Тізімге енгізілу үшін негіздемесі және датасы | Ескертпені тіркеу күні мен нөмірі | Тізімнен шығарылу негіздемесі және датасы |
|--|-------------------------|--------------|----------------------|--|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| Ескерту. XXXX жылдың XX тоқсанында тізімге енгізілген, тұлғалар | | | | | | |
| Ескерту. XXXX жылдың XX тоқсанында тізімнен шығарылған, тұлғалар | | | | | | |

Қол қоюға өкілденген, тұлға

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын бақылау
ережелеріне

4 қосымша

Биржа соларға қатысты инсайдер болып мойындалатын, эмитенттердің инсайдерлік ақпараттарына рұқсаттамасы бар, "Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар тұлғалардың тізіміне (тізімінен) енгізу (шығару) туралы

Е С К Е Р Т П Е

Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының (бұдан әрі – Заң) 56-1 бабының 3 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Сіз "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) инсайдері болып мойындаласыз.

Заңның 56-1 бабының 3 тармағы 3) тармақшасы негізінде, Биржа соларға қатысты инсайдер болып мойындалатын, эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар, тұлға болып табыласыз.

Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 56-1-бабы 5 тармағының 5) тармақшасына, 6 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Сіз Биржаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалар тізіміне, сондай-ақ өзінің лауазымдық міндеттері мен лауазымдық міндеттеріне сәйкес Биржа соларға қатысты инсайдер деп мойындалған эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлердің тізіміне енгеніңіз туралы хабарлаймыз.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде, Заңның 5-1 бабының 4 тармағына сәйкес келесідей тыйым салынатыны туралы ақпараттандырамыз:

- 1) бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер жасасқанда инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, үшінші тараптарға инсайдерлік ақпаратты беруге немесе қол жетімді етуге;
- 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу бойынша үшінші тараптарға нұсқаулар беруге ұсыныстар жасауға.

Инсайдерлік ақпаратты тек Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолдануға құқылысыз және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану/ашу үшін жауаптысыз.

Инсайдерлік ақпараттың қолданылуын бақылау ережелерінің 7 бабы 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған барлық шоттар туралы, шотты ашу күнінен бастап немесе осы ескертуді алған күннен бастап он жұмыс күн аралығында, шоттардың нөмірдерін көрсетумен, Биржаға хабарлауға міндеттісіз.

| | | |
|----|--|--|
| 1. | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | |
| 2. | Инсайдердің туылған күні | |
| 3. | Құрылымдық бөлімше | |
| 4. | Тізімге енгізуге негіздеме | |
| 5. | Тізімге енгізуге негіздеменің туындаған күні | |
| 6. | Енгізу туралы тұлғаның қолы | |
| 7. | Тізімнен шығаруға негіздеме туындаған күні | |
| 8. | Тізімнен шығару туралы тұлғаның қолы | |

Орындаушы: ХХ

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын бақылау
ережелеріне

5 қосымша

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар
тұлғалардың тізіміне (тізімінен) енгізу (шығару) туралы**

Е С К Е Р Т П Е

Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының (бұдан әрі – Заң) 56-1 бабының 3 тармағы негізінде, Сіз "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар, тұлға болып табыласыз.

Заңның 56-1 бабының 5 тармағы 5) тармақшасы негізінде, Биржаның инсайдерлік ақпаратына рұқсаттамасы бар, тұлғалардың тізіміне енгеніңіз туралы хабарлаймыз.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде, Заңның 5-1 бабының 4 тармағына сәйкес келесідей тыйым салынатыны туралы ақпараттандырамыз:

- 1) бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер жасасқанда инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, үшінші тараптарға инсайдерлік ақпаратты беруге немесе қол жетімді етуге;
- 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу бойынша үшінші тараптарға нұсқаулар беруге ұсыныстар жасауға.

Инсайдерлік ақпаратты тек Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолдануға құқылысыз және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану/ашу үшін жауаптысыз.

Инсайдерлік ақпараттың қолданылуын бақылау ережелерінің 7 бабы 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған барлық шоттар туралы, шотты ашу күнінен бастап немесе осы ескертуді алған күннен бастап он жұмыс күн аралығында, шоттардың нөмірдерін көрсетумен, Биржаға хабарлауға міндеттісіз.

| <i>Заңды тұлға-инсайдер үшін</i> | | |
|----------------------------------|--|--|
| 1 | Заңды тұлғаның толық атауы | |
| 2 | Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын, құжаттың деректемелері | |
| 3 | Тізімге енгізуге (тізімнен шығаруға) негіздемесі және негіздеменің туындаған күні | |
| <i>Жеке тұлға-инсайдер үшін</i> | | |
| 1. | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | |
| 2. | Инсайдердің туылған күні | |
| 3. | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | |
| 4. | Инсайдердің туылған күні | |
| 5. | Енгізу туралы тұлғаның қолы | |
| 6. | Тізімнен шығаруға негіздеме туындаған күні | |

Орындаушы: ХХ

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын бақылау
ережелеріне

6 қосымша

Дата _____

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде шот ашу туралы

Е С К Е Р Т П Е

| № | Шоттың нөмірі | Шоттың ашылған күні |
|----|---------------|---------------------|
| 1. | ... | |
| 2. | ... | |

қолы

Тегі және инициалдары